
Ұлы Жеңіс күні

Жеңіс дегенде тула бойына мақтаныштың нұры тарайтын адам жоқ шығар. Ал бүгінгі ұрпақ үшін Ұлы Жеңістің орны ерекше. Сол бір ел басына күн туған сұрапыл соғыс жылдары елін жаудан қорғаған азаматтардың ерлік істері жыл сайын осы Ұлы Жеңіс күнінде санамызда қайта жаңғырады.

Ұлы Жеңіс күні Құлаайғыр ауылында Отанға деген адалдықтың үлгісі ретінде ардақталып, лайықты түрде атап өтілді. Ауыл әкімі тұрғындарды Жеңіс күнімен құттықтап, жерлестеріміздің ортақ жеңіске зор үлес қосқанын, бүгінгі күні бірлік пен келісім басты құндылығымыз болып табылатынын тілге тиек етті.

Ардагерлеріміз аразында болмаса да олардың отбасы ықпалсыз қалған жоқ. Ардагерлер кеңесінің төрайымы Г.М.Маюрова жерлес майдангер есімдерін атап өтті. Шараға қатысушылар қан майданнан оралмаған боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Жұрт назарына соғыс жылдары туралы бей-

небаян ұсынылды.

Соғыс кезінде және одан кейін де халыққа жігер беріп, рухын көтерген әуізді туындылардың орындалуы көрермендерді ерекше күйге бөледі. Мерекелік іс-шарадан кейін тыл еңбеккерлері А.С.Смирнова, И.Я.Сапегинаны және фашистік концлагерь тұтқыны И.П. Коваленконы округ әкімі отбасында құттықтап, естелік сыйлықтар тапсырды. Мерекелік шараны ұйымдастыруға демеушілік көмек көрсеткен жеке кәсіпкерлер Р.Р.Сапаров, Л.Н.Гаража, А.А. Энс және Р.С.Сауытоваға алғыс білдіреміз.

«Құлаайғыр ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

Бүгінгі ұрпақ Жеңіс күнін мәңгі есте сақтап, қадір тұту – асыл міндет болмақ. Сондықтан да «Ақбота «балабақша-мектеп» кешенінің ұжымы да жыл сайын атаулы мерекені зор құрметпен атап өтеді. Биыл да жеңіс күні қарсаңында мерекелік іс-шара өткізіліп, оған мектеп оқушылары мен балабақша тәрбиеленушілері зор ықыласпен ат салысты.

Мерекелік іс-шараның басты мақсаты: «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу. Балалардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу.

Н.Иманбай «Ақбота «ББМК» КММ тәрбиешісі

Никто не забыт, ничто не забыто!

Вот уже прошел 71 год, как закончилась самая страшная и кровопролитная война. Но сколько бы не прошло десятилетий, никогда мы не забудем это тяжелейшее испытание, выпавшее на долю нашего народа.

Накануне празднования Дня Победы в КГУ «Комплекс «школа – детский сад Таңшолпан» прошло торжественное мероприятие «Этот праздник со слезами на глазах», который подготовила классный руководитель 3 класса Батырбекова Н. Н. со своими воспитанниками. Минутой молчания учащиеся комплекса и педагоги почтили память павших во время войны героев.

Ребята с чувством гордости и сопричастности к истории нашей Родины рассказывали стихи и исполняли песни о мире и дружбе.

Ярким моментом праздника стала музыкальная композиция «Журавли» в исполнении хореографического коллектива «Маленькая принцесса» Дома культуры Абайского района под руководством Орынбаевой А. М.

Директор комплекса Иванова Г. В. поздравила учащихся и педагогов с праздником Победы в Великой Отечественной войне и пожелала мирного неба над головой.

Н.Стеблый,

педагог-психолог КГУ «Комплекс «школа – детский сад Таңшолпан»



ПОЗДРАВЛЕНИЯ

Ветераны говорят спасибо

В канун празднования Великой Победы работники районного отдела предпринимательства и промышленности посетили дом ветерана труда, жительницы блокадного Ленинграда Ивашовой Галины Дмитриевны. Руководитель государственного учреждения Газиз Төлеуов пожелал ветерану крепкого здоровья, счастья и семейного благополучия и вручил ей подарки.



В свою очередь Галина Дмитриевна поблагодарила всех за поздравление и рассказала о том, что сейчас она вместе с супругом, ветераном труда Федором Петровичем с нетерпением ждут этого великого праздника.

К.Блялов

5 Мая в КГУ КШДС «Ақбұлақ» проведено торжественное мероприятие ко Дню Победы «Никто не забыт, ничто не забыто!», на который были приглашены ветераны войны и тыла, дети войны. Минутой молчания почтили присутствующие память героев, отдавших жизнь за Победу. Учащиеся начальной школы читали стихи о войне и пели песни. После мероприятия для ветеранов войны и детей войны организовано чаепитие.

За праздничным столом ветераны вспоминали и рассказывали о трудностях в тылу в годы войны, как приближали Победу своим детским трудом.

Дети испытали чувство гордости за своих соотечественников-участников войны, высказали теплые слова уважения и благодарности при посещении ветеранов, с воодушевлением читали стихи о войне, большое эмоциональное воздействие оказали на детей песни военных лет.

Соб.конт.

ТІЛ ТҰҒЫРЫ

АБАЙ ТІЛІН ДӘРІПТЕП...

Өлмейтұғын артына сөз калдырған..." - дейді. "Адам өлмес" дегеннің мағынасы өзі өлсе де, кейінгіге сөзі, айтқан ойы қалады деген пікірге сыяды. Абай "Өлең сөздің патшасы" өлеңінде "Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел!" - деп жұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қарауын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етті. Жаңа танымның баурап аларлық күшін, жаңа ақындық сөздің құнын өрбір адамның тани алатынына қазақ өмірінің сол кездегі жағдайында толық сенім арту қиын да еді. Абай оны жақсы түсінді, мұны оның "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін" деген өлеңіндегі сөздерде зор мән жатыр.

Бұдан біз ақын өлең-жырларындағы жаңа, соны ой-пікірлерді жұртшылықтың қалай қабылдайтынына ерекше мән бергенін айқын



сайын Абай шығармаларын мүдірмей оқытын оқушылар саны да, сапасы да артып келеді.

Өзге ұлт өкілдері оқушыларының мемлекеттік тіл-қазақ тілін оқып-үйренуге деген ынтасы мен ықыласы осы байқауды ұйымдастыру барысында байқалды.

Үміткерлер өнерін бағалаған аудандық білім бөлімінің әдіскері Шагирова С.Д., қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдер қауымы болды. Осылайша, Абай шығармаларын тіл үйренудің тиімді тәсілі ретінде тануды мақсат тұтқан байқау мемлекеттік тілдің мәртебесін үстем ете түсті.

Даналықтың өлшемі бола білген философ-ақынның рухани мұрасы шын мәнісінде, қазақ халқының зерделі ойы мен өмірі тұрғысындағы энциклопедия секілді болған ұлы Абайымыз өскелең ұрпаққа мәңгі мұра болып қала бермек.

П.Әбілдіна
Абай ауданы, № 1 ҚБМО
директорының орынбасары



аңғарамыз. Соның бірі ретінде жылда өтетін «Абай оқулары» Абай аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен № 1 ҚБМО жалғасын тауып, тіл мерейін өсірді. Абай атамызға арнап, көрме ұйымдастырылды.

Қатысушылар ұлы Абайдың өлеңдерін

Тіл мәртебесі – ел мерейі

Кез келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, шекарасы болатыны секілді мемлекеттік тілі де болады. Демек, мемлекеттік тіл де — мемлекеттігіміздің негізгі атрибуттарының бірі. Біздің Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі» деп жазылған. Ал орыс тілін — ресми тіл және мемлекеттік тілмен бірдей қолданылады деп айтылған. Біз Конституция талаптарын мүлтіксіз орындауға міндеттіміз.

Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Қазіргі таңда, еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылуда. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шындықта келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бейжай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз»-деген болатын. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген. Ахмет Байтұрсынұовтың қасиетті қағидасына сүйенсек, ата-ана аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. М.Шахановша айтатын болсам, қазіргі таңда өз тілін өгейсіп, «мәңгірттеніп» жүргендер көп. Шынында қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспейтін кепілге қонымысыз-ақ жойт. Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше, тілімізді, ұлтымызды отбасымызды қадірлегенді қадірлейік!

Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтулыға орамды, көркем тіл. Тіл-адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбірміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу — әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Еліміздің тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алуы тілі мен психологиясына оның өз мәнінде дамуына мүмкіндік берді. Бүгінгі күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық саласына тереңдете енгізу мәселесі үлкен маңыз алып отыр. Соңғы кезде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның өркен жайып дамуына ықпал ететін басты-басты қадамдар жасалуда.

Тіл туралы заңның қабылданғаны, оның баптарының жүзеге асырылуының бағдарламаларының жасақталғаны, мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке

мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы мектептерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз. Сол себепті басты жауапкершілік тіл мамандары біздерге жүктеліп отыр. Ата заңының баптарында сонымен қатар «Тіл саясатының тұжырымдамасы» мен «Тіл туралы Заңда» айтылған басты мәселе мемлекеттік қазақ тілін дамыту.

Қазақ халқының қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы өз заманында: «Тіл байлығы – елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсіпін, мәдениетін, қоғамдық құрылысын, салт-санасын, жауынгерлік дәстүрінің, мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелі, мөлшері» — деп тайға таңба басқандай анық та айқын көрсетіп берген болатын.

Бұрынғы даналардан қалған: «Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың» деген сөз бар. Әрине, құптарға боларлық ой, бірақ, өзге тілді білемін деп жүргенде өз тілімізден көз жаздып қалмайық! Қазақстандықтардың бәріне жуығы көпұлтты ортада өмірге келген. Қазақстанның көпұлтты болуы – ешкімнің қолдан жасаған әрекетінің нәтижесі емес, тарихи даму жолымен солай қалыптасты. Және бұл біздің еліміздің кемшілігі емес, басқалардан артықшылығы. Өйткені, көпұлтты мәдениеттің, діннің, дәстүрдің, білімнің, т.б. арасынан шыққан жақсылықтарды бойымызға сіңіре аламыз.

Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні. Төңірдің адам баласына жасаған сыйы да — тіл. Ол - қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті өрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда.

Тілді оқып-үйренуді барынша жоғары деңгейге көтеру қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тіл туралы талап міндеттерінде «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген. Бұл әр қазақстандыққа қастерлі парызы. Қазақ тілінің өз мәртебесіне сай толыққанды қоғамдық қызмет атқаруы аса қанағаттанғысыз екенін, жан-тәнімізбен түсіне отырып, бүгінде «Тіл туралы» заңның жүзеге асу барысын талқылауда басты назарды мемлекеттік тіл тағдырына аударымыз анық. Өйткені қазақ тілі әлемдік мәдениеттің бөлінбес бөлшегі ретінде тек қазақ топырағында ғана мемлекеттік мәртебені талап ете алады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсам, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Өзім таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

Сөзімнің соңын Елбасының ана тілі туралы айтқан мынадай көрікті ойымен аяқтағым келеді: «Дауға салса алмастай қыған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған», әрі жас отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқысы болған – оның ғажайып тілі».

Г.Марзалинова,
Абай аудандық сотының судьясы

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Террористік актілерді болдырмау жөніндегі халыққа арналған жадынама

Мұқият болыңыздар! Үйіңіздің кіреберісіндегі, аулаларыңыздағы, көшедегі бөгде заттар мен адамдарды дер кезінде өздеріңіз ғана байқап аласыздар.

Қырағы болыңыздар! Маңайдағы адамдардың жүріс-тұрысына, орынсыз жатқан иесіз мүліктер мен заттарға көңіл аударыңыздар.

Үйлеріңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіздер: кіреберісте домофонымен темір есік орнатыңыздар, жергелелер, үй шатырлары және техникалық ғимарат есіктерінің ашық - жабықтығын тексеріңіздер.

Көліктегі жолаушының күдікті жүріс-тұрысын көріп тұрып, байқамаған сынай танытпаңыздар! Сіздер көлікпен жүру қауіпсіздігін сақтауға толық құқыларыңыз бар.

Ешқашан, тіпті, өте қауіпсіз болса да, қандай да бір сақтау немесе басқа біреуге беру үшін біреудің қолынан зат алмаңыздар.

Адамдар аз (иесіз) жерде күдік тудыратын затты тауып алу сіздің сақтығыңызды әлсіретуге тиіс емес. Қаскөй адам оны бір нәрседен, біреуден қорыққандықтан тастай қашуы мүмкін.

Тіпті, сіздің жарылғыш құрылғыларын білетін жеке тәжірибенің болса да, онымен бір нәрсе жасауға тырыспаңыз. Өздігінен жарылғыштар өте сезімтал және өккі болып келеді.

Күдік тудыратын затқа жақындамаңыздар, тіпті қол тигізбеңіздер. Бұл - өмірлеріңізге өте қауіпті. Балаларыңызға қауіпсіздік шараларын: бейтаныс адаммен көшеде сөйлесуге, үйде есік ашуға, жерде жатқан иесіз ойыншықты алуға, көзге түскен затқа жақындауға болмайтынын және т.б. үйретіңіздер.

Күдікті тұлғаларды байқаған жағдайда халыққа арналған жадынама

Терроризм актілерін дайындау немесе жоспарлауды куәландыратын белгілері:

1) сіз жұмыс істейтін немесе үйдің ауласында, ғимарат айналасында (жиі баратын жеріңізді) күдікті тұлғалардың бірнеше рет көрінуі, фото және бейне түсіріме жасауы, сондай-ақ дәптерге жазба жасау;

2) құқық қорғау орган қызметкерлерімен кездесуден қашу және бейне камерадан бұлтарау әрекеттері (басын түсіру, бұрылып кету, бетін жабу);

3) жер төле және шатырларға техникалық қызмет көрсетуге қатысы жоқ тұлғалардың кіруі;

4) тұрғын және әкімшілік ғимараттарға қызмет көрсететін персоналдар және күзетушілермен бейтаныс адамдардың негізсіз байланыса түсуі, олардан жұмыс тәртібі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар және т.б. жөнінде мәліметтерді жинақтау;

5) бөгде тұлғалармен маңызды төмен жұмыстарды (пакет, түйіншек, посылка көріп жіберу) ірі сыйақыға орындайтын тұлғаларды іздеуі.

Күдікті тұлғаларды байқаған жағдайда келесі іс-қимылды орындау қажет:

1) Ұстауға өзіңімен әрекет қабылдамау;

2) Олар жөнінде құқық қорғау органдарына шұғыл хабарлау;

3) Өзіңіз назарға түспеу, тұлғалардың санын, нақты сыртқа белгілерін, киімдерін және оларда бар заттарды, қолдануындағы автотөлік номерін және маркасын, қозғалыс бағытын белгілеп алу.

Күдікті зат тауып алған кездегі тұрғындарға арналған жадынама

Біліңіздер: заттардың сыртқы көрінісі оның расында неге арналғанын жасыруы мүмкін. Жарылғыш заттар үшін камуфляж есебінде әдеттегі тұрмыстық заттар қолданылады: сумка, пакет, түйіншек, қорап, ойыншық және т.б.

Табылған заттардың жарылу қаупін куәландыратын, белгілері:

1) көлік маңында, баспалдақта, пәтерде және т.б. орындарда белгісіз түйіншектің немесе басқада бір заттардың болуы;

2) бөтен сумка, портфель, қорап, басқада заттың: кіреберісте, пәтер есігінің, көліктің маңында өзгеше орналасуы;

3) табылған күдікті заттан шудың шығуы (сағат механизміне, жиілігі төмен дыбысқа тән).

Егер де сіз күдік тудыратын зат тауып алсаңыз, ол фактіні назардан тыс қалдырмаңыз:

1) қоғамдық көлікте:

- заттың (сөмкенің және т.б.) кімдікі екенін немесе кім қалдырып кетуі мүмкін екенін қасыңыздағы адамдардан сұраңыз;

- егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу жүргізушіге немесе кондукторға хабарлаңыз.

2) үйіңіздің кіреберісінде:

- көршілерден сұраңыз, мүмкін ол зат соларға тиесілі шығар. Егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз (тел. 102, 112).

3) көшеде, саябақта және т.б.:

- айналасыңызға қараңыз, егер мүмкіндік болса, заттың иесін анықтауға тырысыңыз. Егер ол анықталмаса, құқық қорғау органдарына шұғыл хабарлаңыз (тел. 102, 112);

- затты бөгде адамдардан оқшаулауға немесе алыс арадан затқа бөтендерді жібермеуге тырысыңыз. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері келген бойда зат табылған уақыт туралы ақпарат беріңіз.

4) мекемелерде, ұйымдарда:

- тауып алған зат туралы объект күзетшісіне немесе әкімшілігіне дереу хабарлаңыз.

Табылған затпен немесе күдік тудыратын заттармен жеке іс-қимыл жасауға тырыспаңыз, олар жарылғыш құрылғылар болуы мүмкін, бұл жарылысқа келетін қорбандыққа, қирауға әкелуі мүмкін.

Үзілді-кесілді тыйым салынады:

- табылған затты ұстауға, ашуға және орнынан қозғауға, бір жерден екінші жерге апаруға, қолға алуға;

- табылған затты қалтаға, портфельге, сөмкеге салуға және т.б.;

- жерге көмуге немесе оларды су қоймаларына тастауға;

- заттардан шығып тұрған сым темірлерді немесе сымдарды үзіп тастауға немесе тартуға, оларды залалсыздандыруға тырысуға;

- табылған заңсыз затты пайдалануға;

- оған жақын аралықта радио- және электрлі - аппараттарын, ұялы телефондарды пайдалануға;

Жарылыш құрылғылардың іске қосылуы нәтижесінде жарылыс аймағында немесе ғимараттың қираған үйінділерінің арасында қалған тұрғындарға арналған жадынама

Егер сіз жарылу аймағында қалсаңыз, естен танбай, қимылдай алатын халде болсаңыз, ең бірінші кезекте түтін мен жалын жоқ жерге қарай жүруге, еңбектеуге тиіссіз.

Егер сіз жарылыс кезінде зардап шекпесеңіз, ал қасыңызда зардап шеккен адамдар болса, олардың жан-күйлерін бағалаңыз: тамыры соға ма, адам есін жоғалтқан жоқ па? Ешқашан оның есін мүсәтір арқылы жиызуға тырыспаңыз. Естен тану – бұл организмнің сыртқы әсерден қорғануы. Егер зардап шеккен адамның сыңған жерлері болмаса (оның сүйектерін мұқият басып көріңіз), оны қырынан жатқызыңыз. Ол шалқасынан жатса, құсыққа шашалып, етпетінен жатса тұншығып қалуы мүмкін. Күре тамырдан қан кеткен (алқызыл қан шашып жатса) кезде жарاقاتты неғұрлым тез, тым болмағанда саусақпен басып, содан соң жараның жоғары жағынан жіппен, белбеумен, баумен, белдікпен тану керек.

Егер сіз ғимараттың қираған үйінділері арасында қалсаңыз, саябырлауға тырысыңыз. Терең және бірқалыпты тыныс алыңыз. Өзіңізді құтқаратынына иландырыңыз. Дауыстап және заттарды соққылау арқылы адамдардың назарын аударыңыз. Егер сіз ғимараттың қираған үйінділерінің түбінде қалсаңыз, сізді жаңғырық дыбыс анықтағыш арқылы тауып алу үшін кез келген металл затты (сақина, кілт және т.б.) онды-солды қозғап, дыбыс шығарыңыз.

Егер бекітулі кеңістікте болсаңыз, оттықты тұтандырмаңыз. Оттегін сақтаңыз.

Қабырғалардың қайта опырылып құлауын болдырмауға тырысып, абайлап жылқыңыз, сырттан соққан ауаның қозғалысы бойынша бағдар ұстаныңыз. Егер мүмкіндігіңіз болса, қолға ұстауға келетін заттарды (тақтайлар, кірпіштер және т.б.) көмегімен төбені бекітіңіз, содан соң көмек күтіңіз. Қатты шөл

қысқан кезде кішкентай тасты аузыңызға салып, сорыңыз, мұрныңызбен тыныс алыңыз.

Адамдарды кепілге алған жағдайдағы іс-қимылдар бойынша тұрғындарға арналған жадынама

Адамдарды кепілге алудың өрбір нақты жағдайы өзгеше және басқалардан ерекшеленеді.

Сонымен қатар егер сіз кепілге алынаңыз:

1) өз-өзіңізге мүмкіндігіңше жылдам келіңіз, тынышталыңыз және үрейленбеңіз;

2) егер өзіңізді байлап немесе көзіңізді жапса, бойыңызды еркін ұстауға тырысыңыз, терең тыныстаңыз;

3) болуы мүмкін қатаң сынаққа жеке адами, моральдық және эмоционалды тұрғыда дайын болыңыз. Осы ретте адамдарды ұстаудың көптеген жағдайларында кепілге алынғандардың тірі қалғандығын есте сақтаңыз. Сізді босату үшін құқық қорғау және арнайы органдары кәсіби шаралар қолданып жатқанына сеніңіз;

4) егер қашып кете алатыныңызға толық сенімді болмасаңыз, қашуға тырыспаңыз;

5) террористтер туралы мүмкіндігінше көбірек ақпаратты есте сақтаңыздар. Олардың санын, қарулану дәрежесін мақсатқа сай белгілеу, дене бітіміне, сөйлеу акценті мен тақырыбына, темпераментіне, өзін ұстау мәнеріне және т.б. сыртқы пішінін сипаттайтын ерекшеліктерге көңіл аударатырып, барынша толық кескінні жасау. Жан-жақты ақпараттың соңынан террористтердің жеке бастарын анықтауда көмекі тиеді;

6) әр түрлі белгілер бойынша өзіңіз отырған (қамалған) орындар анықтауға тырысыңыз;

7) мүмкіндігінше терезелерден, есіктерден және адам ұрлаушылардың өздерінен алысырақ, яғни құқық қорғау органдары белсенді шара-лар қабылдаған жағдайда (үй-жайға шабуыл, мергендердің қылмыскерлерді көздеп атуы және т.б.) неғұрлым қауіпсіз жерге орналасыңыз;

8) ғимаратқа шабуыл жасаған жағдайда қолды желкенізге қойып, еденге етпеттеп жатуды ұсынады;

9) егер шабуыл жасаған және басып алған кезде Сізбен әдепкіде (Сіздің жеке басыңызды анықтағанға дейін) ықтимал қылмыскер ретінде бірқатар дерекі іс-әрекетке барса, ашуланбаныз. Сізді тіпті, қолыңызға кісен салуы, байлауы, эмоционалдық немесе жеке басыңызға жарақат жасауы, тергеуге алуы мүмкін. Бұл тәрізді жағдайларға түсіністіктен қараныз, шабуылдаушылардың мұндай әрекеттері (барлық адамды түпкілікті сөйкестендіргенге және шынайы қылмыскерлерді анықтағанға дейін) делденген.

Адамды ұрлаушылармен өзара қарым-қатынас:

1) агрессивті қарсылық көрсетпеңіз, шалт және қауіп төндіретін қимыл жасамаңыз, террористтерді өздері ойластырмаған іс-әрекеттерге итермелемеңіз;

2) мүмкіндігінше адам ұрлаушылармен тікелей көзбен арбасатын байланыстан қашыңыз;

3) бастапқыдан - ақ (әсіресе, бірінші жарты сағатта) адам ұрлаушылардың барлық бұйрығын және өкімін орындаңыз;

4) пассивті ынтымақтастық позициясын ұстаныңыз. Сабырлы дауыспен сөйлесіңіз. Басып алушылардың ашу-ызасын тудыруы мүмкін дұшпандық рең мен іс-қимылға шақыратын жек көрушілік сезімн білдіруден қашыңыз;

5) өзіңізді сабырлы ұстанып, бұл ретте өз абыройыңызды сақтаңыз. Үзілді-кесілді қарсылық жасамаңыз, бірақ өзіңізге өте қажетті жағдайда сабырмен өтініш жасаудан қорықпаңыз;

6) аталған жағдайда қатты күйзелуден қозғалуы мүмкін денсаулық кінәратыңыз болса, бұл туралы өзіңізді ұстап отырған адамдарға сабырлы түрде жеткізіңіз. Қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, біртіндеп өзіңіздің жай-күйіңізді жақсартуға байланысты өтініштер деңгейін арттыруға болады.

Кепілдік жағдайында ұзақ болған кезде:

1) уайым, абыржу және асып-сау сезімінің орын алуына жол бермеңіз. Алдағы сынақтарға өзіңізді ойша дайындаңыз. Ақыл-ой белсенділігін сақтаңыз;

2) ашыну сезіміңіз пайда болуынан қашыңыз, ол үшін өз-өзіңізді сендірудің ішкі ресурстарын пайдаланыңыз;

3) жағымды нәрселер туралы ойлаңыз және сондай жағдайларды еске түсіріңіз. Уақыт өткен сайын сізді босату мүмкіндіктерінің арта түскенін ойлаңыз. Сізді дәл жазір босату үшін барлық мүмкіндіктердің жасалып жатқандығына сеніңіз;

«Абай ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ нысанды коммуналдық меншікке 3 жыл мерзімге кейінгі сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру бойынша тендер өткізеді

Тендер 2016 жылдың «30» мамырында келесі мекен-жай бойынша өтеді:
Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қ., Жеңіс даңғылы 3. Тел. +7 (72131) 4-11-01
Тендерді өткізу уақыты: 12 сағат - 00 минут
Тендерге келесі нысандар ұсынылады:
1. **№5 демалыс орны**, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Топар кенті, 060 есеп орамы, 560 бөлімшесі мекен-жайы бойынша орналасқан, оның ішінде:
- Коттедж ғимараты, 2 қабатты, жалпы ауданы 168,1 кв.м.
- Жазғы үй, жалпы ауданы - 20,4 кв.м.
- Асхана ғимараты, жалпы ауданы - 24,6 кв.м.
- Күзетшінің үйі, жалпы ауданы - 20,2 кв.м.
- Көлік-жай ғимараты, жалпы ауданы - 87,7 кв.м.
- Терраса, жалпы құрылыс салу ауданы - 42,9 кв.м.
- Терраса, жалпы құрылыс салу ауданы - 12,3 кв.м.
- Күрке, жалпы құрылыс салу ауданы - 40,7 кв.м.
- Күрке, жалпы құрылыс салу ауданы - 12,9 кв.м.
- КТП, жалпы құрылыс салу ауданы - 2,7 кв.м.
- Кіреберіс, жалпы құрылыс салу ауданы - 8,9 кв.м.
09-134-060-560 кадастр нөмірі, 0,4238 га болатын бөлінбейтін жер учаскесінде орналасқан. Нысанның құны – 12 546 000 теңге. Кепілдеме жарна – 376 380 теңге.

Тендер шарттары:
• Нысанның бейінін сақтау және мақсатта пайдалану;
• Нысанды тиімді басқару;
• Ныанға инвестиция салу (ғимараттың алдыңғы жағын жөндеу, шатырды жөндеу, терезелерді ауыстыру, жағалауды көркейту және т.б.);

• Жұмыс орындарын құру;
• Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықты төлеу;
• Тазалық және экологиялық нормаларды сақтау;
Тендер шарттарына сәйкес нысанды пайдалану бойынша ең тиімді бағдарлама ұсынған қатысушы тендердің жеңімпазы атанады.

Кепілдік жарналар «Абай ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ шотына салынады, уақытша ақша орналастыру ҚБШ-сі ЖСК КЗ040705034892252001, БСН 150340026033 «ҚР ҚМ ҚК Қарағанды облысы бойынша ҚД Абай аудандық қазынашылық басқармасы» ММ-сі, БСК ККМФКЗ2А, (кепілдік жарна мөлшерінің төлемақысы банк қызметіне жатпайды).

Тендер өткізілгеннен кейін тендерге қатысушы кепілдік жарнаны қайтару туралы өтініш жазған күннен бастап он жұмыс күн мерзімінде кепілдік жарна қайтарылады.

Кепілдік жарналар тендерге қатысушының деректемелері көрсетіліп, тендерге қатысушы берген кепілдік жарнаны қайтару туралы өтініш негізінде қайтарылады.

Егер тендерге қатысушылар тендер өткізілгенге дейін кемінде үш күн бұрын оған қатысудан бас тартқан жағдайда оларға кепілдік жарнаны қайтармайды.

Тендерге қатысушыларды тіркеу тендер өткізу туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және тендер басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады, келесі мекен-жай бойынша: Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қ., Жеңіс даңғ.,3, кабинет 19, тел: +7 (72131) 4-11-01.

Тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін мыналарды:
Заңды тұлғаға тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін келесі құжаттар қажет:

1) белгіленген формалары мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру бойынша тендерге қатысушыны тендер жеңімпазы деп анықтаған жағдайда оның, тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілген және тендерге қатысушының өзі ұсынған тендер талаптарында шарт жасасу міндеттемесін жазбаша білдіретін тендерге қатысуға өтінімді;

2) басқа құжаттардан бөлек мазмұндағы мәтіні көрсетілген желімделген конвертте тендерге байланысты құжаттаманы қоса бере отырып, жазбаша түрде тендер шарттары бойынша ұсыныстарды;

3) банктің (банктердің) мөрі басылған бірінші басшы немесе қол қоюға құқығы бар адам және бас бухгалтер қол қойған тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу күнінің алдында кемінде үш ай бұрын банк (банктер) алдында тендердің ықтимал қатысушысының мерзімі өткен берешегінің жоқ екені туралы анықтаманың түпнұсқасы. Егер тендерге ықтимал қатысушы екінші деңгейдегі бірнеше банктің, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылған жағдайда, осы анықтама осындай банкердің әрқайсысынан ұсынылады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен аудитті міндетті өткізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржы жылындағы аудиторлық есебін;

5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып көшірмесіне көрсетілген түпнұсқаның нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы;

6) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесін салыстырып тексеру үшін түпнұсқаны ұсына отырып көшірмесін. Шет ел заңды тұлғалары құрылтай құжаттарын нотариалды куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдерінде аудармасымен ұсынады;

7) тендер жарияланған күннен кейін берілген, үш ай бұрын салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда) тиісті салық органының қол қойылған және мөрі (электронды цифрлық қолтаңбасы) бар анықтамасының түпнұсқасын немесе электронды көшірмесін;

8) мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару құрылтайшысының депозиттік шотына кепілдік жарнаны аудару туралы төлем тапсырмасының немесе түбіртегінің (жеке тұлға үшін) түпнұсқасын;

9) тендерге әлеуетті қатысушы өкілінің, оның ішінде осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес кепілдік жарнаны енгізген өкілдің өкілеттіктерін куәландыратын құжатты (Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлікті, паспортты (шетелдік азаматтар үшін) немесе ішкі істер органдары берген уақытша жеке куәлікті ұсынған жағдайда жарамды);

10) әлеуетті қатысушының ақпараттық хабарламада көрсетілген сенімгерлік басқаруға қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы қажет.

Жеке тұлға болып табылатын тендерге әлеуетті қатысушы осы ақпараттық хабарламаның 1), 2), 8), 10) тармақшаларында көзделген құжаттарды, сондай-ақ:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәліктің, шетелдік паспорттың (шетелдіктер үшін) немесе уақытша жеке куәліктің көшірмесін;;

2) дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін (дара кәсіпкер үшін) ұсынады.

Өтінімдерді қабылдау және тендерге қатысуға ниет білдірген тұлғаларды тіркеу талап етілетін құжаттардың толық жиынтығы бар болған кезде жүргізіледі.

Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы тендердің шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға мүмкіндігі жоқ заңды тұлға;

2) сенімгерлік басқаруға шарт жасасу және оны орындау жөніндегі тиісті міндеттемелерді орындамаған алдыңғы тендерлердің жеңімпазы тендерге қатысушы болып табылмайды.

Басшының м.а.

Д. Муканова

ГУ «Отдел государственных активов и закупок Абайского района» проводит тендер по передаче объектов коммунальной собственности в доверительное управление без права последующего выкупа сроком на 3 года

Тендер состоится «30» мая 2016 года по адресу: Карагандинская область, Абайский район, г.Абай, пр. Победы, 3. Тел. +7 (72131) 4-11-01

Время проведения тендера: 12 часов - 00 минут

На тендер предлагаются следующие объекты:

1. **Зона отдыха №5**, находящаяся по адресу Карагандинская область, Абайский район, поселок Топар, учетный квартал 060, участок 560, в том числе:

- Здание коттеджа, 2-х этажное, общая площадь 168,1 кв.м.

- Летний домик, общая площадь - 20,4 кв.м.

- Здание столовой, общая площадь - 24,6 кв.м.

- Дом сторожа, общая площадь - 20,2 кв.м.

- Здание гаражей, общая площадь - 87,7 кв.м.

- Терраса, площадь застройки - 42,9 кв.м.

- Терраса, площадь застройки - 12,3 кв.м.

- Беседка, площадь застройки - 40,7 кв.м.

- Беседка, площадь застройки - 12,9 кв.м.

- КТП, площадь застройки - 2,7 кв.м.

- Крыльцо, площадь застройки - 8,9 кв.м.

расположенные на неделимом земельном участке площадью 0,4238 га, кадастровый номер 09-134-060-560.

Стоимость объекта – 12 546 000 тенге. Гарантийный взнос – 376 380 тенге.

Условия тендера:

• Сохранение профиля и целевого назначения объекта;

• Эффективное управление объектом;

• Вложение инвестиций в объект (ремонт фасада зданий, ремонт кровли, замена окон, благоустройство берега и т.д.);

• Создание рабочих мест;

• Уплата налогов в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан;

• Соблюдение санитарных и экологических норм;

Победителем тендера будет признан участник, предложивший наиболее эффективную программу по использованию объекта в соответствии с условиями тендера.

Гарантийные взносы вносятся на счет ГУ «Отдел государственных активов и закупок Абайского района», КСН временного размещения денег ИИК КЗ040705034892252001, БИН 150340026033 в ГУ «Абайского районное управление казначейства ДК по Карагандинской области КК МФ РК, БИК ККМФКЗ2А (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

После проведения тендера гарантийный взнос возвращается в срок, не позднее десяти рабочих дней со дня подачи заявления о возврате гарантийного взноса, поданного участником тендера.

Гарантийные взносы возвращаются на основании заявления о возврате гарантийного взноса, подданного участником тендера с указанием реквизитов этого участника.

Гарантийные взносы не возвращаются участникам тендера в случае отказа их от участия в тендере менее чем за три дня до его проведения.

Регистрация участников тендера производится со дня публикации информационного сообщения и заканчивается за двадцать четыре часа до начала Тендера по адресу: Карагандинская область, Абайский район, г.Абай, пр. Победы, 3, кабинет 19, тел: +7 (72131) 4-11-01. Для регистрации в качестве участника тендера необходимо представить:

Юридическим лицам для регистрации в качестве участника тендера необходимо предоставить:

1) заявку на участие в тендере по передаче государственного имущества в доверительное управление установленной формы, означающую письменное обязательство участника тендера в случае объявления его победителем тендера заключить договор на условиях тендера, указанных в информационном сообщении и предложенных самим участником тендера;

2) предложения по условиям тендера в письменном виде с приложением обусловленной тендером документации в отдельном от других документов запечатанном конверте;

3) оригинал справки банка (филиала банка) об отсутствии просроченной задолженности перед банком (филиалом банка) по всем видам обязательств участника тендера, делящейся более трех месяцев, предшествующих дате выдачи справки, выданной не ранее даты объявления тендера, с подписью и печатью (электронной цифровой подписью). В случае, если потенциальный участник является клиентом нескольких банков второго уровня или филиалов, а также иностранного банка, то представляются справки от каждого из таких банков;

4) аудиторский отчет за последний финансовый год юридических лиц, для которых законодательством Республики Казахстан установлено обязательное проведение аудита;

5) копию свидетельства или справку о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица с обязательным предъявлением оригинала для сверки или нотариально засвидетельствованную копию указанного документа либо справку о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица;

6) нотариально засвидетельствованную копию устава либо копию устава с предъявлением оригинала для сверки. Иностранные юридические лица представляют учредительные документы с нотариально заверенным переводом на государственный и русский языки;

7) оригинал или электронную копию справки соответствующего налогового органа с подписью и печатью (электронной цифровой подписью) об отсутствии налоговой задолженности, задолженности по обязательным пенсионным взносам, по обязательным профессиональным пенсионным взносам и социальным отчислениям более чем за три месяца (за исключением случаев, когда срок уплаты отсрочен в соответствии с законодательством Республики Казахстан), выданной не ранее даты объявления тендера;

8) оригинал платежного поручения или квитанции (для физического лица) о переводе гарантийного взноса на депозитный счет учредителя доверительного управления государственным имуществом;

9) документ, удостоверяющий полномочия представителя потенциального участника тендера, в том числе представителя, внесшего гарантийный взнос согласно пункту 19 настоящих Правил (действителен при предъявлении удостоверения личности гражданина Республики Казахстан, заграничного паспорта (для иностранца) либо временного удостоверения личности);

10) документы, подтверждающие соответствие потенциального участника требованиям к доверительному управлению, указанным в информационном сообщении.

Физические лица для регистрации в качестве тендера представляют документы:

предусмотренные указанными выше пунктами 1), 2), 8), 10) информационного сообщения, а также:

1) копию удостоверения личности гражданина Республики Казахстан, заграничного паспорта (для иностранца) либо временного удостоверения личности;

2) копию свидетельства о государственной регистрации индивидуального предпринимателя (для индивидуального предпринимателя).

Прием заявок и регистрация лиц, желающих принять участие в тендере, производится при наличии полного комплекта требуемых документов.

Участником тендера не может быть:

3) юридическое лицо, которое в соответствии с законами Республики Казахстан или учредительными документами не вправе заниматься теми видами деятельности, осуществление которых является условием Тендера;

4) победитель предыдущих тендеров, не выполнивший соответствующие обязательства по заключению и исполнению договора на доверительное управление.

И.о. руководителя

Д. Муканова

ТОО «АгроТехЦентр 2010»
реализует запчасти на сеялки
К-700, ДТ, МТЗ, Т-4, ЮМЗ, Т-40, почвообработка

• рем. комплекты	• лемеха
• ремни	• сегменты
• сальники	• подшипники
• запчасти на сеялки	• втулки
• фильтра	• ленты транспортеров
• косы	и наклонные
• пальцы	и многое другое

Г. Караганда: ул. Гоголя, 90. Тел.: 8 (7212) 51-91-91, 51-20-33.
Пос. Осакаровка: тел. 8 (72149) 426-79.
Раб. с 9.00 до 18.00, выходной - воскресенье. e-mail: k.r.f-2008@mail.ru

РЕМОНТ
На дому: телевизоров, микроволновок, стиральных машин.
Быстро, качественно, с гарантией!
87788430453, 87773968127. Александр

Требуются КУРЬЕРЫ для работы в г. Абай.

График работы: свободный.
Оплата сдельная, от 2000 тг./день.

Проезд оплачивается.
Тел.: 8705 664 80 06
(звонить ежедневно с 9.00 до 18.00)

работаем с 2011 года
ЭВЕРЕСТ Кредит
КРЕДИТЫ
Без залога!
Очень быстро!
Микрокредиты до 300 000 тг жителям области
Пенсионерам и сотрудникам бюджетных организаций значительные льготы!
ЭВЕРЕСТ Кредит с нами к вершинам!
г. Караганда 8 (7212) 97 23 43, 8 707 060 64 61
г. Жезказган 8 (7102) 76 75 19, 8 707 06 06 463
г. Темиртау 8 (7213) 98 86 26, 8 707 06 06 462

РУХАНИ ТАТУЛАСТЫҚ

Қадірлі аудан тұрғындары аудан өмірінің жаршысы «Абай-Ақиқат» газетіне 2016 жылдың 2 жартыжылдығына жазылу аяқталып қалды. Аудандық мешіттің бас имамы А.М.Қуатбеков пен православтық шіркеудің басшысы Илья аудандық газеттің тұрақты оқырмандары.

Газет бетінде дін жөніндегі маңызды мақалалар, бейбітшілік пен достықты сақтау, ұлтаралық және конфессияаралық татулық, діни экстремизммен күрес мәселелері басылады. Дін өкілдері бұл қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелер дейді.

Оқырмандарымыздың назарына газетке 6 айға жазылу бағасы жеке тұлғаларға – 1057, 76 теңге (индекс 65625), заңды тұлғаларға – 2005, 76 теңге (индекс 15625) екенін айта кетеміз.



ДУХОВНОЕ ЕДИНСТВО

Продолжается подписная кампания на 2 полугодие 2016 года на районную газету «Абай-Ақиқат». Читают районку главный имам районной мечети А.М.Қуатбеков и настоятель православной церкви Илья.

На страницах районной газеты публикуются актуальные материалы о религии, сохранении мира и дружбы, пропаганды межнационального и межконфессионального согласия, противодействия религиозному экстремизму. Это очень нужная информация, уверены духовные лица.

Напоминаем читателям о том, что подписная цена за 6 месяцев для физических лиц составляет – 1057, 76 теңге (индекс 65625), для юридических лиц – 2005, 76 теңге (индекс 15625).

К СВЕДЕНИЮ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКОВ

Управление государственных доходов по Абайскому району Карагандинской области сообщает о том, что комитет связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан совместно с Республиканским государственным предприятием «Государственная техническая служба» осуществляет деятельность Национального удостоверяющего центра Республики Казахстан (далее – НУЦ РК).

Государственная услуга «Выдача и отзыв регистрационного свидетельства Национального удостоверяющего центра Республики Казахстан» оказывается в соответствии со Стандартом государственной услуги, утвержденным Приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан № 51 от 22 января 2016 года (далее – Стандарт).

Подпунктом 2) Пункта 9 Стандарта определено, индивидуальным предпринимателям осуществляющим деятельность в виде совместного предпринимательства для получения регистрационного свидетельства НУЦ РК необходимо предоставить следующие документы:

- заявление на выдачу регистрационных свидетельств НУЦ РК (от юридического лица и индивидуального предпринимателя, осуществляющего деятельность в виде совместного предпринимательства) по форме, согласно приложению 2 к настоящему стандарту, полученное с портала или посредством интегрированной информационной системы Государственной корпорации, содержащее уникальный номер;
- документ, удостоверяющий личность представителя услугополучателя;
- доверенность на представителя услугополучателя (физического лица), удостоверенную нотариально, с указанием полномочия представлять документы на выдачу регистрационных свидетельств НУЦ РК и расписываться в соответствующих документах для исполнения поручения, определенного доверенностью – при представлении интересов услугополучателя третьим лицом;
- свидетельство о государственной регистрации индивидуального предпринимателя.

На основании вышеизложенного следует: индивидуальным предпринимателям, осуществляющим деятельность в виде личного предпринимательства, регистрационные свидетельства НУЦ РК выдаются по шаблону для физических лиц. Индивидуальным предпринимателям, осуществляющим деятельность в виде совместного предпринимательства, регистрационные свидетельства НУЦ РК выдаются по шаблону для юридических лиц.

Управление государственных доходов по Абайскому району

Пожароопасный период

С наступлением весенне-летнего пожароопасного периода «Отдел по ЧС Абайского района» обращается к гражданам с просьбой соблюдать меры безопасности при обращении с огнем в частном секторе и на садовых участках!

Чтобы не допустить возникновения пожара необходимо знать и соблюдать элементарные правила пожарной безопасности:

- своевременно очищайте участок и прилегающую к нему территорию от горючих отходов, опавших листьев и травы;
- не сжигайте мусор вблизи строений;
- не загромождайте проезды улиц, ведущих к частным домам и садовым участкам, ветками деревьев и мусором, так как это препятствует проезду пожарных автомобилей;
- соблюдайте меры предосторожности при эксплуатации электрических сетей, электробытовых, газовых приборов;
- будьте осторожны при пользовании открытым огнем: свечами, керосиновыми и паяльными лампами, не оставляйте их без присмотра;
- не допускайте шалости детей с огнем.

В каждом жилом доме и на садовом участке необходимо иметь средства для тушения огня и противопожарный инвентарь: емкость с водой (бочкой) или огнетушитель, ковш, ведро, лопату и приставную лестницу. **УВАЖАЕМЫЕ ГРАЖДАНЕ! СОБЛЮДАЙТЕ МЕРЫ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ!**

**К.Богуш, г.л. специалист
РГУ «Отдела по ЧС Абайского района»**

Жылжымайтын мүлікке меншік құқығын тіркеу

Меншік иелерінің құқықтарын қорғаудың ең тиімді жолы мемлекеттік тіркеу болып табылады. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 118-бабына сәйкес жылжымайтын мүлікке меншік құқығы мен басқа да құқықтар, бұл құқықтарға шек қою, олардың пайда болуы, ауысуы және тоқтатылуы тіркелуі тиіс. Меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы, оралымды басқару, бір жылдан астам мерзімге жер пайдалану құқығы, жылжымайтын мүлікті кепілге беру, оған рента, сенім білдіру арқылы басқару құқығы мемлекеттік тіркеуден өткен соң пайда болады. Мәселен, егер де жылжымайтын мүлікті (үй, пәтер және т.б.) сатып алсаңыз және де өз құқықтарыңызды әділет департаментінде тіркемесеңіз, онда сіз заң талаптарына сәйкес жылжымайтын мүліктің иесі болып табылмайсыз.

90-шы жылдардың аяғында және 2000 жылдардың басында облыс тұрғындарының біразы республика аумағынан көшіп кетті. Сол кезде тұрғын үйлердің сатылуына байланысты жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату рәсімі ақша тапсыру және қолхат жазу жолымен жүргізілді. Бірақ қолхат жылжымайтын мүлікке өз меншік құқығын тіркеуге мүмкін болатын құжат ретінде танылмайды. Меншік иесі өз құқықтарын тану үшін сотқа шағымдануы қажет. Сот шешімі негізінде сатып алу-сату мәмілесі заңды болып табылады. Бұған қоса егер сіз уәкілетті органдардың алдын ала рұқсатынсыз үй салсаңыз немесе өз бетімен бос тұрған үйге көшіп, сол үйде 7-дан астам жыл тұрсаңыз, сотқа өтініш жолдап, меншік құқықтарыңызды сот тәртібімен растауыңыз қажет.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 21 шілдедегі №310 Заңының 44-бабына сәйкес сот актісімен белгіленген жылжымайтын мүлікке құқық осы бапта көрсетілген ерекшеліктер ескеріле отырып, жалпы негіздерде тіркелуге тиіс. Заң анықтағандай, сот актісі өзге құқық белгілеу құжаты сияқты құқықтық кадастрға енгізуге қажетті жылжымайтын мүлік нысаны туралы мәліметті (оның көлемін, жер телімінің кадастрлық нөмірін) қамту қажет.

Жылжымайтын мүлікке құқығыңызды белгілейтін сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін мемлекеттік тіркеу рәсімін жүргізу үшін бұл құжатты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ (Халыққа Қызмет Көрсету Орталығы) жолдауларыңыз қажет. Тұрғын үйге немесе бөлек құрылысқа құқықты тіркеу үшін міндетті талаптардың бірі жылжымайтын мүлікке арналған жер телімін тіркеу болып табылады. Егер де жер теліміне құқықтарыңыз тіркелмесе, оны бастапқы нысанына (тұрғын үй, пәтерге және т.б.) құқықтарымен бірге тіркеуге болады.

**Ә.Жувандыкова
Абай ауданы Әділет басқармасының бас маманы**

**Директор - бас редактор м.а. ӘБЕУОВА
ГҮЛНҰР ОҒАЛЫСҚЫЗЫ**

АБАЙ-АҚИҚАТ

Тіркеу куәлігі №13133-Г (Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі 30.10.2012ж. берген)

ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: Абай ауданының әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Аудандық «Абай-Ақиқат» газетінің редакциясы» ЖШС

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за содержание рекламного текста несут сами рекламодатели.

Хат жазып, хабарласыңыз. Мекен-жайымыз: Қарағанды облысы, Абай қаласы, 3 ықшамаудан, 43 үй. Телефон: 8(721-31) 4-14-29 (факс), бухгалтерия 4-90-56, **эл. пошта:** abayhabar@mail.ru
Пишите, звоните. Наш адрес: Карагандинская область, город Абай, 3 мкрн, д. 43. Телефон: 8 (721-31) 4-14-29 (факс), бухгалтерия-4-90-56, **эл.почта:** abayhabar@mail.ru

Газет редакцияда теріліп, беттеліп, «Арқо» ЖШС баспаханасында басылды: Қарағанды қаласы, Сәтпаев көш., 15
Таралымы 2780 дана
Тапсырыс №5
Көлемі 2 баспа табақ

Абай-Ақиқат

ЖАЗЫЛУ

НАУҚАНЫ-2016

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аудан айнасы «Абай-Ақиқат» газетіне 2016 жылдың II-жарты жылдығына жазылу нақаны жүріп жатыр.

Сүйікті басылымдарыңызға «Қазпошта» АҚ-ның бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Жеке адамдар үшін – 1057, 76 теңге,

Заңды тұлғалар үшін – 2005,76 теңге.

Аудандық басылымды Абай қ., 3 - шағынаудан, 43 үй мекенжайы бойынша редакциямызға келіп, жазылуларыңызға болады

ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!

Идет подписная кампания на II полугодие 2016 года на районную газету «Абай-Ақиқат».

Подписку на газету можно оформить

в отделениях почтовой

связи АО «Казпочта».

Для физических лиц – 1057,76 теңге,

Для юридических лиц - 2005,76 теңге.

Выписать районную газету вы можете в редакции: по адресу г.Абай3 микр-он, дом 43

ПОДПИСКА-2016

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ!

ГУ «Отдел сельского хозяйства Абайского района» объявляет о приеме заявок от сельхозтоваропроизводителей района, согласно «Правил субсидирования развития семеноводства», утвержденных приказом Министра сельского хозяйства РК от 12.12.2014 года № 4-2/664.

Обращаться в ГУ «Отдел сельского хозяйства Абайского района», г.Абай, 3 мкрн., телефон: 8(72131) 40529, 40589.

О соблюдении санитарно-эпидемиологических требований при проведении работ с пестицидами

Санитарными правилами от 28.02.2015 года № 176 «Санитарно-эпидемиологические требования к зданиям и сооружениям производственного назначения» предъявляются требования: Хранение пестицидов допускается только в типовых или приспособленных складах и разрешается после получения санитарно-эпидемиологического заключения. Объем помещения склада должен соответствовать тоннажу хранимой продукции, предусматривает отделения для хранения пестицидов, оборудованного стеллажами и СИЗ, воды, умывальника, мыла, полотенца и аптечки. Перевозка пестицидов должна осуществляться на транспорте с сигнальными флажками и имеющего легко поддающуюся очистке и обезвреживанию покрытие. По окончании перевозки пестицидов транспортное средство тщательно моется, обезвреживается на специально оборудованном месте.

М. Диянова И.о. руководителя Абайского УЗПП

Считать недействительным

Аттестат о среднем образовании ЖОБ 0789450 и приложение к аттестату от 16.06.2014г. выд. СШ №10 г.Абай на имя Бушуева Павла Васильевича.

Аттестат о среднем образовании ЖОБ 0157221 от 2010г. выд. СШ №14 г.Абай на имя Цай Станислава Валерьевича.

Диплом по специальности «Стандартизация, метрология и сертификация» выд. КЭУ на имя Грибановой Марины Александровны, период обучения 2009-2011гг.

Диплом по специальности «Стандартизация, метрология и сертификация» выд. КЭУ на имя Грибановой Марины Александровны, период обучения 2011-2014гг.

Диплом КТ 161757 по специальности «Горный – техник электромеханик» от 26.06.1987г. выд. Абайским горным техникумом на имя Косых Евгения Валерьевича.

Удостоверение тракториста-машиниста ГИ №013728 выд. 17.09.2007г. Абайским ГТУ на имя Ашимова Ерсин Ерикжановича.

Открыто наследственное дело

После смерти Сыкиш Валерия Ярославовича, умершего 02 сентября 2006г. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Ержановой Жанаруль Амирхановне по адресу: г.Абай, ул.Абая 56, кв.1, тел.872131 47805.

После смерти Ситдиковой Хумайры Миниахметовны, умершей 23 июля 2009года. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Ержановой Жанаруль Амирхановне по адресу: г.Абай, ул.Абая 56, кв.1, тел.872131 47805.



Утеряно

Портмоне с водительскими правами и тех. паспортом на имя Селина Владимира Васильевича. Просим вернуть за вознаграждение. Тел.4-45-89.

**эл.почта
abayhabar@mail.ru**